

Мақта қолхаттарын берудің, айналымының, күшін жоюдың және өтеудің ережесін, мақта қолхатының нысанын (үлгісін) және жазылуын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2007 жылғы 29 қазандағы N 650 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 22 қарашадағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5006 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 7-бабының 3), 4) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1) Мақта қолхаттарын берудің, айналымының, күшін жоюдың және өтеудің е р е ж е с і ;

2) мақта қолхатының нысаны (үлгісі) және жазылуы бекітілсін.

2. Егіншілік және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы министрінің м. а.
2007 жылғы 29 қ а з а н д а ғ ы
N 6 5 0 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Мақта қолхаттарын берудің, айналымының, күшін жоюдың және өтеудің ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Мақта қолхаттарын берудің, айналымының, күшін жоюдың және өтеудің осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі "Мақта саласын дамыту туралы" Заңына, басқа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және мақта қолхаттарының берілуіне, айналымына, күшін жойылуына және өтеуіне байланысты қатынастарды реттейді.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ұсынушыға арналған аккредитив - кепіл куәлігін ұстаушының келісімін берусіз өзгертуге немесе жоюға болмайтын құжаттамалық аккредитив, оны ашу кезінде қойма куәлігін ұстаушы кепіл куәлігінде көрсетілген талаптардың сомасындағы ақшаны кепіл куәлігін өтеу үшін беруге дейінгі мерзімге, осы ақшаны ұсынушыға арналған аккредитив бойынша салымдары үшін қолдану шартымен аккредитивті ашқан уәкілетті банкінің қарауына береді;

2) кепіл куәлігі - мақта қолхатын ұстаушының кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындауды талап ету құқығын куәландыратын мақта қолхатының бір бөлігі;

3) индоссамент - мақта қолхаты немесе оның куәліктері бойынша құқықтарды басқа тұлғаға беруді куәландыратын табыстама жазба;

4) индоссант - мақта қолхаты немесе оның куәліктері бойынша құқықтарды беретін тұлға.

5) индоссат - мақта қолхаты немесе оның куәліктері бойынша құқықтарды қабылдайтын тұлға;

6) мақта қолхаттарының тізілімі - мақта қолхаттарын есепке алу құжаты;

7) қойма куәлігі - мақта қолхатын ұстаушының мақтаға иелік ету құқығын куәландыратын мақта қолхатының бір бөлігі.

3. Мақта қолхаты екі бөліктен тұрады - қажет болған жағдайда бір-бірінен бөлуге мүмкін болатын қойма куәлігі мен кепіл куәлігі. Мақта қолхаты және оның әр бөлігі ордерлік эмиссиялық емес бағалы қағаздар болып табылады.

2. Мақта қолхатын беру тәртібі

4. Мақта қолхаты сапасы бойынша біртектес әрбір мақта партиясына беріледі. Тапсырылған мақтаның барлық көлеміне берілетін мақта қолхаттарының санын мақтаның иесі өзінің өтініші бойынша айқындайды.

Мақта өңдеу ұйымы мақта қолхаттарын мақта партиясы қалыптасқан соң, өтініш берген сәтінен бастап үш күнтізбелік күнінен кешіктірмей береді.

Осы Ережеге сәйкес нысан бойынша мақта қолхаттары мақта иесіне мақта қолхаттарының тізіліміне тіркеліп және оның қолы қойылып беріледі, оны мақта

өңдеу ұйымы хронологиялық тәртіппен жүргізіп отырады.

Мақта қолхаты хронологиялық тәртіпте мақта өңдеу ұйымы жүргізетін мақта қолхаты тізілімінде қол қоюмен және тіркеумен мақта иесіне беріледі.

Жаңа мақта қолхаттары мақта қолхаттарын ұстаушылардың талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мақта қолхатында индоссамент жасау үшін бос орын болмаған;
- 2) мақта қолхаты тозған;
- 3) мақта қолхаты айырбасталған;
- 4) мақта қолхаты жоғалған жағдайларда беріледі.

3. Мақта қолхатының айналымының тәртібі

5. Мақта қолхаты және оның бөліктері бойынша құқық беру оларға тиісті индоссаменттерді жасау жолымен жүзеге асырылады. Бұл ретте бірге индоссант мақта қолхаты және оның бөліктері бойынша құқық беру туралы, ал индоссат мақта қолхаты және оның бөліктері бойынша құқық қабылдау туралы мәліметтерді көрсетеді және растайды.

6. Бөлінбеген мақта қолхаты бойынша құқықтарды беру индоссаментті жасау жолымен тек қойма куәлігімен жүзеге асырылады.

7. Қойма куәлігі бойынша құқық беру қойма куәлігі бойынша құқық беруші және қабылдаушы тұлғалардың қойма куәлігінің қайырма бетінде жүйелілік индоссаменттерді жасау жолымен жүзеге асырылады.

Индоссаментті жасаған кезде қойма куәлігінің қайырма бетінде арнайы көзделген жерлерде мыналар көрсетіледі:

1) сол жағында қойма куәлігі бойынша талапты беруші тұлғамен (индоссантпен):

индоссанттың атауы (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар жағдайда));

индоссанттың тұрған жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері);

индоссанттың салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

индоссамент жасалған күні;

жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні;

2) оң жағында қойма куәлігі бойынша талапты қабылдаушы тұлғамен (индоссатпен);

индоссаттың атауы (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар жағдайда));

индоссаттың тұрған жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері);

индоссаттың салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

индоссаменттің жасалынған күні;

жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні.

Индоссаментті жасау тиісінше индоссант пен индоссаттың қолымен

к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Индоссат индоссаментті жасаған күнінен бастап он күнтізбелік күннің ішінде мақта қолхаты бойынша құқықтарды қабылдау туралы мақта өңдеу ұйымына хабардар етеді.

8. Мақта өңдеу кәсіпорнында сақтауда тұрған мақтаның кепілі кепіл куәлігінде индоссамент жасау жолымен немесе мақта қолхаты кепілінің шартын жасау арқылы мақта қолхатының кепілімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Кепіл куәлігінде индоссамент жасау жолымен мақта кепілге бергенде, бұл кепіл куәлігі қойма куәлігінен бөлінеді.

9. Кепіл куәлігін қойма куәлігінен бөлу кезінде:

1) қойма куәлігінің төменгі оң жағындағы бұрышында арнайы көзделген жерде кепіл куәлігі бойынша талаптарды қабылдаушы тұлға мынадай мәліметі б а р б е л г і ж а с а й д ы :

кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің мәні, оның мөлшері, ол бойынша сыйақының ставкасы, орындалу мерзімі;
кепіл куәлігінің бөлінген күні;

индоссаттың атауы (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар жағдайда)) және оның тұрған жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері);

Көрсетілген мәліметтер мақта қолхатының кепіл куәлігін ұстаушының алдындағы қойма куәлігін ұстаушының міндеттемелерін куәландырады;

2) кепіл куәлігінің төменгі оң жағындағы бұрышында арнайы көзделген жерде кепіл куәлігі бойынша талаптарды беруші тұлға мынадай мәлімет бар б е л г і ж а с а й д ы :

кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің мәні, оның мөлшері, ол бойынша сыйақының ставкасы, орындалу мерзімі;
кепіл куәлігінің бөлінген күні;

индоссаттың атауы (тегі, аты және әкесінің аты (бар жағдайда)) және оның тұрған жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері).

Көрсетілген мәліметтер кепіл куәлігін ұстаушының қойма куәлігін ұстаушыға өз міндеттемелерін орындауға талап қою құқығын куәландырады.

Қойма және кепіл куәліктерінде көрсетілген белгілерді қою индоссат пен индоссаттың қолымен куәландырылады.

Егер кепіл куәлігін бөлу кезінде қойма және/немесе кепіл куәліктерінде мақта кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер туралы мәліметтер көрсетілмесе, және тиісті белгілер жасалмаса, қойма және кепіл куәлігімен заңнамада белгіленген тәртіппен жасалған кез-келген мәміленің күші жоқ деп есептеледі.

10. Кепіл куәлігін қойма куәлігінен бөлген кезде, кепіл куәлігі бойынша талаптарды беруші және қабылдаушы тұлғалар кепіл куәлігінің қайырма бетінде индоссамент жасайды. Кепіл куәлігінде индоссамент жасалған кезде, тараптар

арнайы көзделген жерлерде мыналарды көрсетеді:

1) кепіл куәлігі бойынша талапты беруші тұлға:
индоссанттың атауы (тегі, аты және әкесінің аты(бар жағдайда));
индоссанттың тұрған жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері);
индоссанттың салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
индоссамент жасалған күні;
жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні;

2) кепіл куәлігі бойынша талапты қабылдаушы тұлға:
индоссаттың атауы (тегі, аты және әкесінің аты(бар жағдайда));
индоссаттың тұрған жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері);
индоссаттың салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
индоссамент жасалған күні;
жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні.

Индоссаментті жасау тиісінше индоссант пен индоссаттың қолымен куәландырылады.

11. Бөліп алынған кепіл куәлігі индоссатқа беріледі және ол осы кепіл куәліктің иесі болып табылады.

12. Кепіл куәлігі бойынша талаптарды беруші және қабылдаушы тұлғалар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 325 -бабына сәйкес кепіл куәлігі бойынша өз құқықтарын кепіл ұстаушыларға шегінім жасаған кезде кепіл куәлігінің қайырма бетінде арнайы көзделген жерлерде көрсете отырып
и н д о с с а м е н т ж а с а й д ы :

1) сол жағында кепіл куәлігі бойынша талапты беруші тұлға (индоссант):
индоссанттың атауы (тегі, аты және әкесінің аты (бар жағдайда));
индоссанттың тұрған жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері);
индоссанттың салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
индоссамент жасалған күні;
жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні;

2) оң жағында кепіл куәлігі бойынша талапты қабылдаушы тұлға (индоссат):
индоссаттың атауы (тегі, аты және әкесінің аты (бар жағдайда));
индоссаттың тұрған жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері);
индоссаттың салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
индоссамент жасалған күні;
жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні.

Индоссаментті жасау тиісінше индоссант пен индоссаттың қолымен куәландырылады.

13. Қойма және кепіл куәліктердің қайырма жақтарында белгіленген тәртіппен жасалынған индоссаменттердің үздіксіз қатары соңғы табыстама жазбада көрсетілген тұлғаларға мақта қолхаты және оның куәліктері бойынша

құқықтар ауысуының дәлелі болып табылады.

Табыстама жазбалардың үздіксіз қатарын сақтамау жағдайында, мақта қолхатын ұстаушының оған мақта беру құқығы сот тәртібімен анықталады.

14. Кепіл туралы мәліметтері бар қойма куәлігі бойынша құқықтарды беру осы Ережеге сәйкес кепіл куәлігін ұстаушының келісуінсіз жүзеге асырылады.

15. Кепіл туралы мәліметтері бар қойма куәлігі бойынша мақта өңдеу ұйымы мақта беру осы Ереженің 16-тармағына сәйкес ұсынушыға қайтарып алынбайтын аккредитив ашқан жағдайда жүзеге асырылады.

16. Қайтарып алынбайтын аккредитивті ашуды растау үшін қойма куәлігін ұстаушы осы Ережемен белгіленген талаптарға сай ұсынушының атына қайтарып алынбайтын аккредитивтің (бұдан әрі - ұсынушыға арналған аккредитив) ашылуын растайтын екінші деңгейдегі банкінің (бұдан әрі - уәкілетті банк) тиісті құжатын мақта өңдеу ұйымына береді.

Ұсынушыға арналған аккредитивті ашу факті туралы мақта өңдеу ұйымы үш күнтізбелік күннің ішінде ұсынушыға арналған аккредитивті ашқан уәкілетті банкінің деректемелерін хабарлап, мақта өңдеу ұйымына белгілі болатын тиісті кепіл куәлігін соңғы ұстаушыға жазбаша түрінде хабардар етеді.

Ұсынушыға арналған аккредитив бойынша төлем осы аккредитивтің орындалу шарттары сақталған кезде, сондай-ақ кепіл куәлігінің деректемелері (мақта қолхаты бланкісінің сериясы мен нөмірі, мақта өңдеу ұйымының тізілімі бойынша мақта қолхатының ағымдағы нөмірі, мақта қолхатын беру күні, мақта қолхатында көрсетілген есептелген нақты салмағы, сондай-ақ мақта өңдеу ұйымының атауы және салық төлеушінің тіркеу нөмірі, мақта кепілімен қамтамасыз етілген талап туралы мәліметтер) аккредитив шарттарына сәйкес келген кезде ұсынушыға - кепіл куәлігін ұстаушыға төленеді.

Ұсынушыға жүргізілетін аккредитив бойынша операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Егер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме тиісті түрде орындалған жағдайда, кепіл куәлігін ұстаушы кепіл куәлігінде индоссамент жасайды және кепіл куәлігін қойма куәлігін ұстаушыға қайтарады.

18. Егер кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме тиісті түрде орындалмаған жағдайда және осы Ереженің 15-тармағына сәйкес мақта берілген кезде, кепіл куәлігін ұстаушы аккредитив бойынша төлемді жүзеге асырғаннан соң кепіл куәлігін оны өтеу үшін мақта өңдеу ұйымына қайтарады.

19. Осы кепіл куәлігі бойынша ұсынушыға арналған аккредитив жоқ болғанда және борышқор мақта кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындамаған (тиісінше орындамаған) кезде, кепіл куәлігін ұстаушы заңнамаға сәйкес кепілдікке берілген мақтаның өткізілуін ұйымдастыру тапсырмасымен сенім жүктелген тұлғаға өтініш жасай алады.

Кепіл куәлігі бойынша мақтаны өткізу жөнінде саудада осы құқыққа ие болған мақта иесі кепіл куәлігінің орнына мақта өңдеу ұйымынан мақтаны немесе жаңа мақта қолхатын алады.

Кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттемелерді тиісті орындаған жағдайда, кепіл куәлігін ұстаушымен кепілге қойылған мақтаны төлетуді сұрауына жол берілмейді.

4. Мақта қолхатының күшін жоюдың және өтеудің тәртібі

20. Мақта қолхаты мақта беру кезінде (толық немесе ішінара) өтеледі, сонымен қатар кепілге алынған мақта сатылған жағдайда.

21. Мақта қолхаттарын өтеу мақтаны беру сәтінен бастап үш күннің ішінде қойма куәлігіне "Өтелді" деген мөртаңбасын қойып және өтеу күнін жазып мақта өңдеу ұйымымен жүзеге асырылады.

Мақта ұйымымен мақта қолхатын ұстаушының талабы бойынша мынадай жағдайларда күшін:

1) мақта қолхатында индоссамент жасау үшін бос орын болмаған;

2) мақта қолхаты тозған;

3) мақта қолхаты айырбасталған;

4) мақта қолхаты жоғалған жағдайларда жояды.

22. Жаңа мақта қолхаты ауыстырылатын мақта қолхатының екі бөлігін берген жағдайда беріледі және ауыстырылатын мақта қолхатында бұрын көрсетілген мәліметтерді енгізу жолымен ресімделеді.

Ауыстырылатын мақта қолхатында индоссамент (индоссаменттер) болған жағдайда, жаңа мақта қолхаты берілетін тұлға ретінде соңғы индоссат көрсетіледі.

23. Мақта қолхатын жоғалтқан жағдайда, мақта қолхатын жоғалтқан тұлға мақта өңдеу ұйымына мақта қолхатын жоғалтқаны туралы тез арада хабарлайды. Бұл жағдайда жаңа мақта қолхаты жоғалған мақта қолхаты бойынша құқықтарды қалпына келтіру туралы сот шешімінің негізінде мақта өңдеу ұйымымен беріледі.

24. Мақта қолхатын бірнеше мақта қолхаттарына айырбастау осы Ереженің 22-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Кепіл туралы мәліметі бар қойма куәлігін ұстаушы мақта кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің толық орындауына байланысты кепілдің тоқтатылуынан кейін қойма куәлігін ұстаушысының өтінімі бойынша оған жаңа мақта қолхаты беріледі.

26. Мақта қолхаты бойынша мақтаны ішінара беру жағдайында, мақта өңдеу ұйымы сақтауға қалдырылған мақта көлеміне жаңа мақта қолхатын береді.

Мақтаға айырбастаған мақта қолхаты бөлшек бойынша мақтаның берілуіне байланысты өтеледі.

27. Мақта қолхаттарын есептеу мақсатында мақта қолхаттары тізілімінде мақта қолхаттарын өтеу түрлерінің мынадай тұжырымдамалары көзделеді:

"беру" - мақтаны берілуіне байланысты мақта қолхатын өтеу;

"беру және ауыстыру" - мақтаны ішінара беруге байланысты мақта қолхаттарын өтеу ;

"айырбас" - иесінің талабы бойынша мақта қолхатын бірнеше мақта қолхатына немесе бірнеше мақта қолхатын оларды аз санына біріктіру мақсатында мақта қолхатын жою ;

"ауыстыру" - индоссамент жасау үшін бос орынның болмауына немесе оның тозғанына байланысты мақта қолхаты күшін жою;

"сату" - кепілге қойылған мақтаны сатуға байланысты мақта қолхатын өтеу;

"жоғалту" - мақта қолхатын жоғалтуына байланысты оның күшін жою;

"кепілді тоқтату" - мақта кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындауға байланысты мақта қолхатын жою.

28. Өтелген және жойылған мақта қолхаттары айналымнан алынып тасталынады және мақта өңдеу ұйымында бес жыл ішінде сақталынады.

Мақта қолхаттарын берудің, айналымының, күшін жоюдың және өтеудің Ережесіне қосымша

Код

Мақта қолхаттарының тізімі

мақта өңдеу ұйымының атауы

р/н N	Мақта қолхаты бланкі-сінің сериясы мен нөмірі	Мақта қолхатын берген күні	Мақта иесінің атауы (жеке тұлғаның тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар жағдайда))	Шитті мақтаны сақтау және/немесе шитті мақтаны мақта талшығына өңдеу жөніндегі бұқаралық келісімнің N және мерзімі	Мақта тұқымының сұрыптық және егістік сапалары
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Дақыл түрі	Мақта-ның селек-		Тип	Сынып		Ластануы

	циялық сұрышы	Өндірістік сұрып			Физикалық салмағы		Ылғалдылығы
7	8	9	10	11	12	13	14

кестенің жалғасы

Штапель ұзындығы	Микро-нейр көрсеткіші	Кондициондық салмағын	Бактериялы-саңырау-құлақтылық аурулары-мен зақымдануы	Мақта өңдеу ұйымының жауапты қызметкерінің мақта қолхатын беру туралы қолы
15	16	17	18	19

кестенің жалғасы

Мақта қолхатын алғаны кездегі мақта иесінің қолы	Мақта қолхатын өтеу түрі	Мақта қолхатын өтеу күні	Кепіл шарттары туралы мәлімет (та-лап сомасы және мақтаға кепілдік құқығын белгілеу мерзімдері)
20	21	22	23

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2007 жылғы 29 қазандағы

№ 650 бұйрығымен бекітілген

Коды / Код	МАҚТА ҚОЛХАТЫ / ХЛОПКОВАЯ РАСПИСКА N _____ / Серия N				Сериясы
	200__ жылғы	"__"	_____ /	от	"__"» _____ 200__ года
ҚОЙМА КУӘЛПІ / СКЛАДСКОЕ СВИДЕТЕЛЬСТВО					
мақта өңдеу ұйымының атауы / наименование хлопкоперерабатывающей					
организации, тұрған жері (облыс, аудан, қала/кент) / место					

нахождения	(область,	район,	город/поселок),	салық	төлеушінің
Выдана	тіркеу нөмірі /	регистрационный номер	налогоплательщика		
	мақта иесінің атауы /	наименование	владельца хлопка,		
	тұрған жері /	место нахождения,	жеке тұлғаны куәландыратын		
	құжат /	документ,	удостоверяющий личность		
	физического лица,	заңды тұлғаны мемлекеттік	тіркеу (қайта		
	тіркеу) туралы куәліктің нөмірі /	номер	свидетельства о		
	государственной регистрации	(перерегистрации)	берілді		
Өнім түрі / Вид	юридического лица,	салық төлеушінің	тіркеу нөмірі /		
продукции	регистрационный номер	налогоплательщика	N		
	200__ ж.	куәлігі/свидетельство,	аттестаты/аттестат		
Нақты салмағы /	Физический	вес	200__ г.		
		кг	(цифрами,	прописью)	
Селекциялық сұрып/ Селекционный сорт	Өндірістік Сұрып / Промышленный сорт	Түрі/Тип	Сынып/ Класс	Қоспалығы / Засоренность, %	
				жәлғасы	
Былғалдылығы/ салмағы	Штапельдік /	Микронейр	Кондициялық далуы	Зақым- /	Влажность, % ұзындығы / көрсеткіші/
	Штапельная	Показатель	Кондиционная	Поражен- /	длина микронейр масса, кг /
					ность, %
Мақтаны сақтау орны /	Место хранения	хлопка			
Шитті мақтаны өңдеу мерзімі /	Срок переработки	хлопка-сырца			
200__ ж.	200__ ж.				
	200__ г.				
Өңдеудің келісімі /	Договор переработки	N			
	от				
Мақтаның сақтау мерзімі /	Срок хранения	хлопка			
200__ ж.	200__ ж.				
	200__ г.				
Сақтаудың келісімі /	Договор хранения				
N 200__ ж.	от				
Сақтау төлемі туралы белгі /	Отметка об уплате	за хранение			
Қордың атауы /	Наименование	фонда			
Кепілдік беру мерзімі /	Период	гарантирования			
Уәкілетті тұлғаның қолы /	Подпись	уполномоченного	лица		
	<i>қормен толтырылады / заполняется фондом</i>				

Уәкілетті Ф.И.О.	тұлғаның и	М.О / Т.А.Ә.	және подпись	М.П. уполномоченного	қолы лица
Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің мәні мен мөлшері / Существо и размер обязательства, обеспеченного залогом					
Сыйақының ставкасы / Ставка вознаграждения, % _____					
Міндеттеменің орындалу мерзімі / Срок исполнения обязательства _____					
Кепіл куәлігінің бөлінген күні / Дата отделения залогового свидетельства _____					
Индоссаттың атауы / Наименование индоссата _____					
Тұрған жері / Место нахождения _____					
қолы / кепіл куәлігі бөліп алынған жағдайда толтырылады / заполняется в случае отделения залогового свидетельства	подпись	М.О / М.П.			

Коды/Код

Қойма куәлігі бойынша талапты беремін / по складскому свидетельству	Индоссанттың атауы / Тұрған жері /	Наименование индоссанта Место нахождения	Передать требование		
СТТН / РНН _____					
Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____ / Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года					
Т.А.Ә. және қолы / Ф.И.О. и подпись _____					
_____ М.О/М.П.					
Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / личность физического лица	Документ, удостоверяющий _____				
=====					
Қойма куәлігі бойынша талапты беремін / по складскому свидетельству	Индоссанттың атауы / Тұрған жері /	Наименование индоссанта Место нахождения	Передать требование		
СТТН / РНН _____					
Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____ / Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года					
Т.А.Ә. және қолы / Ф.И.О. и подпись _____					
_____ М.О/М.П.					
Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / личность физического лица	Документ, удостоверяющий _____				
=====					
Қойма куәлігі бойынша талапты беремін / по складскому свидетельству	Индоссанттың атауы / Тұрған жері /	Наименование индоссанта Место нахождения	Передать требование		

СТТН / РНН _____
Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____
/ Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года
Т. А. Ә. және қолы / Ф. И. О. и подпись

М.О / М.П.
Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / Документ, удостоверяющий
личность физического лица _____

Сериясы/Серия N

Қойма куәлігі бойынша талапты қабылдаймын / Принимаю требование
по складскому свидетельству

Индоссаттың атауы / Наименование индоссата _____
Тұрған жері / Место нахождения _____

СТТН / РНН _____
Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____
/ Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года
Т. А. Ә. және қолы / Ф. И. О. и подпись

М.О / М.П.
Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / Документ, удостоверяющий
личность физического лица _____

Қойма куәлігі бойынша талапты қабылдаймын / Принимаю требование
по складскому свидетельству

Индоссаттың атауы / Наименование индоссата _____
Тұрған жері / Место нахождения _____

СТТН / РНН _____
Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____
/ Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года
Т. А. Ә. және қолы / Ф. И. О. и подпись

М.О / М.П.
Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / Документ, удостоверяющий
личность физического лица _____

Қойма куәлігі бойынша талапты қабылдаймын / Принимаю требование
по складскому свидетельству

Индоссаттың атауы / Наименование индоссата _____
Тұрған жері / Место нахождения _____

СТТН / РНН _____
Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____
/ Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года
Т. А. Ә. және қолы / Ф. И. О. и подпись

М.О / М.П.
Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / Документ, удостоверяющий
личность физического лица _____

Коды **МАҚТА ҚОЛХАТЫ /** Сериясы
 /Код **ХЛОПКОВАЯ РАСПИСКА N _____ / Серия N**
200__ жылғы " __ " _____ / от " __ "» _____ 200__ года
ҚОЙМА КУЭЛПІ / СКЛАДСКОЕ СВИДЕТЕЛЬСТВО

мақта өңдеу ұйымының атауы / наименование хлопкоперерабатывающей
 организации, тұрған жері (облыс, аудан, қала/кент) / место
 нахождения (область, район, город/поселок), салық төлеушінің

тіркеу нөмірі / регистрационный номер налогоплательщика
 Выдана _____

мақта иесінің атауы / наименование владельца хлопка,
 тұрған жері / место нахождения, жеке тұлғаны куәландыратын

құжат / документ, удостоверяющий личность

физического лица, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта
 тіркеу) туралы куәліктің нөмірі / номер свидетельства о

государственной регистрации (перерегистрации)
 берілді

юридического лица, салық төлеушінің тіркеу нөмірі /
 регистрационный номер налогоплательщика
 Өнім түрі / Вид продукции _____ N
 _____ куәлігі/свидетельство, аттестаты/аттестат
 _____ 200__ ж. _____ 200__ г.

Нақты салмағы / Физический вес _____
 кг (цифрами, прописью)

Селекциялық сұрып/ Селекционный сорт	Өндірістік Сұрып / Промышленный сорт	Түрі/Тип	Сынып/Класс	Қоспалығы / Засоренность, %

кестенің жалғасы

Былғалдылығы / салмағы	Штапельдік / Штапельная	Микронейр / Показатель	Кондициялық / Кондиционная	Зақым- Поражен-	Влажность, % / длина	ұзындығы / микронейр	көрсеткіші / масса, кг

Мақтаны сақтау орны / Место хранения хлопка _____
 Шитті мақтаны өңдеу мерзімі / Срок переработки хлопка-сырца
 200__ ж. _____ 200__ ж. _____ /
 _____ 200__ г. _____ 200__ г.

Өңдеудің келісімі / Договор переработки N _____ 200__ ж.
 _____ / от _____ 200__ г.

Мақтаның сақтау мерзімі / Срок хранения хлопка
 200__ ж. _____ 200__ ж. _____ /
 _____ 200__ г. _____ 200__ г.

Сақтаудың келісімі / Договор хранения

№ _____ 200__ ж. _____ / от _____ 200__ г.
Сақтау төлемі туралы белгі / Отметка об уплате за хранение

Қордың атауы / Наименование фонда _____
Кепілдік беру мерзімі / Период гарантирования _____
Уәкілетті тұлғаның қолы / Подпись уполномоченного лица _____
кормен толтырылады / заполняется фондом

Уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә. және қолы /
Ф.И.О. и подпись уполномоченного лица
М.О / М.П.

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің мәні мен мөлшері /
Существо и размер обязательства, обеспеченного залогом

Сыйақының ставкасы / Ставка вознаграждения, % _____
Міндеттеменің орындалу мерзімі / Срок исполнения
обязательства _____
Кепіл куәлігінің бөлінген күні / Дата отделения залогового
свидетельства _____
Индоссаттың атауы / Наименование индоссата _____
Тұрған жері / Место нахождения _____

қолы / подпись _____ М.О / М.П.
қойма куәлігі бөліп алынған жағдайда толтырылады /
заполняется в случае отделения складского свидетельства

Коды/Код

Кепіл куәлігі бойынша талапты беремін / Передаю требование
по залоговому свидетельству
Индоссанттың атауы / Наименование индоссанта _____
Тұрған жері / Место нахождения _____

СТТН / РНН _____
Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____
/ Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года
Т.А.Ә. және қолы / Ф.И.О. и подпись _____

_____ М.О/М.П.
Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / Документ, удостоверяющий
личность физического лица _____

Кепіл куәлігі бойынша талапты беремін / Передаю требование
по залоговому свидетельству
Индоссанттың атауы / Наименование индоссанта _____
Тұрған жері / Место нахождения _____

СТТН / РНН _____
Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____
/ Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года

Т. А. Ә. және қолы / Ф. И. О. и подпись

_____ | _____ | М.О / М.П.

Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / Документ, удостоверяющий
личность физического лица _____

Кепіл куәлігі бойынша талапты беремін / Передаю требование
по залоговому свидетельству

Индоссанттың атауы / Наименование индоссанта _____

Тұрған жері / Место нахождения _____

СТТН / РНН _____

Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____

/ Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года

Т. А. Ә. және қолы / Ф. И. О. и подпись

_____ | _____ | М.О / М.П.

Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / Документ, удостоверяющий
личность физического лица _____

Сериясы/Серия N

Кепіл куәлігі бойынша талапты қабылдаймын / Принимаю требование
по залоговому свидетельству

Индосаттың атауы / Наименование индоссата _____

Тұрған жері / Место нахождения _____

СТТН / РНН _____

Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____

/ Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года

Т. А. Ә. және қолы / Ф. И. О. и подпись

_____ | _____ | М.О / М.П.

Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / Документ, удостоверяющий
личность физического лица _____

Кепіл куәлігі бойынша талапты қабылдаймын / Принимаю требование
по залоговому свидетельству

Индосаттың атауы / Наименование индоссата _____

Тұрған жері / Место нахождения _____

СТТН / РНН _____

Индоссаменттің жасалынған күні 200__ жылғы "___" _____

/ Дата совершения индоссамента "___" _____ 200__ года

Т. А. Ә. және қолы / Ф. И. О. и подпись

_____ | _____ | М.О / М.П.

Жеке тұлғаны куәландыратын құжат / Документ, удостоверяющий
личность физического лица _____

Кепіл куәлігі бойынша талапты қабылдаймын / Принимаю требование
по залоговому свидетельству

Индосаттың атауы / Наименование индоссата _____

Тұрған жері / Место нахождения _____

СТТН	/	РНН					
Индоссаменттің	жасалынған	күні	200__	жылғы	"__"	"__"	года
/	Дата	совершения	индоссамента	"__"	"__"	200__	года
Т. А. Ә.	және	қолы	/	Ф. И. О.	и	подпись	
		М.О / М.П.					
Жеке	тұлғаны	куәландыратын	құжат	/	Документ,	удостоверяющий	
личность	физического	лица					

Мақта қолхатының жазылуы

1. Мақта қолхаттарының бланкілері қатаң есепке алынған бланкілер болып табылады, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалында - Банкнот фабрикасында мақта өңдеу ұйымдарының тапсырысы бойынша дайындалады. Сатып алынған мақта қолхаттарының бланкілерін қайтадан сатуға жол берілмейді.

2. Шығарылатын мақта қолхаттарының бланкілерін есепке алу мақсатында оларға код, серия және нөмір беріледі. Код - облыстың жергілікті атқарушы органмен мақта өңдеу ұйымына берілетін тіркеу нөмірі. Мақта қолхаты бланкісінің сериясы мен нөмірін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкноттық фабрикасы береді.

3. Мақта қолхаты бланкісінің коды, сериясы және нөмірі қойма және кепіл куәліктерінде бірдей болуы және типографиялық тәсілмен жазылуы қажет.

4. Мақта қолхаттарының бланкілері жасыл түспен шығарылады.

5. Мақта қолхатында мынадай қорғау деңгейлері бар:

- 1) офсеттік әдіспен орындалған 2-жақ бетіндегі гильоширлық рамка;
- 2) 2-түрлі тангирлік тор;
- 3) гравюралық сурет;
- 4) ультракүлгін сәулелері астында жарық беріп тұрған бояу қосылған н ө м і р л е у ;
- 5) м и к р о т е к с т ;
- 6) көрінбейтін мөр (бояуы бар мөр кәдімгі жарықтандыру жағдайында көрінбейді, ультракүлгін сәулелендіру астында»"мақта"» сөзі сарғылт жасыл түспен жы л т ы р а й д ы) ;
- 7) и р и с (түрлі-түсті) мөр;
- 8) диметаллизді голографиялық тіке сызықты»"КАЗ-КАЗ" сулы белгілері бар құжатты қағаз.

6. Алған бланкілердің қорғау деңгейлерін өзгертуге немесе толықтыруға тыйым салынады.

7. Мақта қолхатын мақта өңдеу ұйымы мақта қолхаты (қойма және кепіл куәліктері) бланкісінің тиісті бөліктерінің бет жағын толтыру жолымен р е с і м д е й д і .

Мақта қолхатының бланкісі қолмен шарикті немесе қаламұшты қаламмен көк немесе қара түспен немесе машинажазба тәсілімен толтырылады. Мақта қолхаты бланкісін толтыру кезінде түзетулер жіберілмейді.

8. Қойма және кепіл куәліктерінің бет жағы мынадай тәртіппен толтырылады:

1) "N _____ " деген жолында мақта қолхатының тізілімі бойынша жазудың ағымдағы нөмірі көрсетіледі;

2)»"200_ жылғы»" _____ " деген жолында мақта қолхатының берілген күні көрсетіледі;

3)»"мақта өңдеу ұйымының атауы ..." деген жолында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

мақта қабылдаған мақта өңдеу ұйымының атауы;

мақта өңдеу ұйымының орналасқан жері (облыс, аудан, қала/кент);

мақта өңдеу ұйымының салық төлеушінің тіркеу нөмірі;

4) " _____ берілді" деген жолында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

мақта иесінің атауы: жеке тұлғаның тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы;

мақта иесінің тұрған жері: жеке тұлғаның тұрғылықты немесе жеке тұлғаның тұрған жері;

жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың нөмірі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің нөмірі; мақта иесінің салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

Егер мақта иесі мақта өңдеу ұйымының өзі болған жағдайда, онда осы жолда мақта өңдеу ұйымы туралы мәліметтер көрсетіледі;

5)»"Дақыл түрі _____ " деген жолында мақта қолхаты берілетін дақылдың түрі: шитті мақта, мақта талшығы немесе мақта тұқымы көрсетіледі:

Егер арнайы қарастырылған жерлерде мақта тұқымын сақтауға қабылдаған жағдайда келесі мәліметтер жүйелі түрде көрсетіледі:

мақта тұқымының сұрыптық және егіндік сапасын куәландыратын құжаттың атауы;

мақта тұқымының сұрыптық және егіндік сапасын куәландыратын құжаттың берілген нөмірі, күні, айы және жылы.

Мақта тұқымын сақтауға қабылдаған жағдайда 5) жол толтырылады.

6)»"Нақты салмағы _____ кг" деген жолда мақтаның нақты салмағы араб сандарымен килограммда және сөзбен 1 килограммға дейін дәлдікпен көрсетіледі

;

7) кестеде шитті мақтаның сапалық және сандық көрсеткіштері көрсетіледі:

"Селекциялық сорты" деген бірінші бағаншада мақтаның селекциялық сұрыпы көрсетіледі;

"Өнеркәсіптік сорты" деген екінші бағаншада рим сандарымен мақтаның өнеркәсіптік сұрыпы көрсетіледі;

"Түрі" деген үшінші бағаншада араб сандармен мақта түрінің нөмірі көрсетіледі;

"Сынып" деген төртінші бағаншада мақтаның сыныбы көрсетіледі;

"Қоспалығы, %" деген бесінші бағаншада шитті мақта құрамындағы нақты арамшөпті қоспалар араб сандарымен пайызда 0,1%-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Мақта талшығы мен мақта тұқымы үшін сызықша қойылады;

"Ылғалдылығы, %" деген алтыншы бағаншада мақтаның нақты ылғалдылығы араб сандарымен пайызда 0,1%-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

"Штапельдік ұзындығы" деген жетінші бағаншада мақта талшығының ұзындығы 1\32 дюймде көрсетіледі. Шитті мақта мен мақта тұқымы үшін сызықша қойылады;

"Микронейр көрсеткіші" деген сегізінші бағаншада мақта талшығындағы микронейр көрсеткіші микронейр құралының өлшем бірлігімен 0,1 дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Шитті мақта мен мақтаның тұқымы үшін сызықша қойылады;

"Кондициялық салмағы, кг" деген тоғызыншы бағаншада мақтаның кондициялық салмағы, ылғалдылықтың және ластанудың бірыңғай нормаларына келтірілген 1 киллограмға дейін дәлдікпен көрсетіледі:

шитті мақтаға ылғалдылық нормасы - 9,0 %, ластану нормасы - 2,0 %;

мақта тұқымына ылғалдылық нормасы - 8,5 %, ластану нормасы - 0 %;

мақта талшығына ылғалдылық нормасы - 8,5 %, ластану 0 %;

"Зақымдалуы, %" деген оныншы бағаншада бактериялы-саңырауқұлақтылық ауруларымен зақымдану деңгейі араб сандарымен пайызда көрсетіледі. Зақымдану болмаған жағдайда сызықша қойылады;

8)»"Мақтаны сақтау орны _____" деген жолында мақта өңдеу ұйымының және (немесе) мақта өңдеу ұйымы орналасқан жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктiнiң орналасқан жері көрсетіледі;

9)»"Шитті мақтаны өңдеу мерзімі ..." деген жолында мақта өңдеу ұйымымен шитті мақтаны мақта талшығына өңдеудің басталу және аяқталу мерзімі көрсетіледі. Көрсетілген тармақ мақта қолхатын мақта талшығына және мақта тұқымына берген жағдайда толтырылады;

10)»"Өңдеудің келісімі ..." деген жолында жүйелі түрде нөмірі, күні, айы, және мақта иесі мен мақта өңдеу ұйымы арасында жасалған бұқаралық өңдеу

келісімінің жылы көрсетіледі;

11)»"Мақтаны сақтау мерзімі ..." деген жолында мақта өңдеу ұйымымен мақтаны сақтау мерзімінің басталуы мен аяқталуы көрсетіледі;

12)»"Сақтаудың келісімі ..." деген жолында жүйелі түрде нөмірі, күні, айы, және мақта иесі мен мақта өңдеу ұйымы арасында жасалған бұқаралық өңдеу келісімінің жылы көрсетіледі;

13)»"Сақтау төлемі туралы белгі _____»" деген жолында»"Мақтаны сақтаған қызметі үшін төленген" деп көрсетіледі;

14) астыңғы сол жағындағы бұрышында арнайы қарастырылған орында мақта өңдеу ұйымы қатысушы болып табылатын мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорымен келесідей мәліметтері бар белгі ж а с а л а д ы :

қ о р д ы н а т а у ы ;

кепілдік беру мерзімі;

қордың уәкілетті тұлғаның қолы.

14) тармақша мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорымен мақта қолхатын ұстаушыға кепілдік беру жағдайында Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларының кепілдіктерін алу ережесімен ескерілген тәртіпте толтырылады.